

Стратегиялық объектіні иеліктен шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 269 қаулысы

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 193-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Sky Service" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі қатысу үлесінің 40 %-ын ұстаушы "Верный Капитал" акционерлік қоғамына "Sky Service" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі қатысу үлесінің 40 %-ын Legia S.a r.l. жауапкершілігі шектеулі қоғамының пайдасына иеліктен шығару жөнінде мәміле жасасуға рұқсат берілсін.

2. "Sky Service" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі қатысу үлесінің 60 %-ын ұстаушы Рүстем Сәбитұлы Бектұровқа "Sky Service" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі қатысу үлесінің 30 %-ын Әлжан Берікұлы Имашевтың пайдасына иеліктен шығару жөнінде мәміле жасасуға рұқсат берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин